

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 42 (9360) | 1954 жылғы 24 февраль Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Тың және тыңайған жерлерді игеру — маңызды міндет

СОБП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында қоғамдық өнімді мал шаруашылығын шұғыл өркендетумен қатар, егін шаруашылығын, оның ішінде бағалы азық — жаздық бидай өндірісін мықтап өркендетудің қажет екендігі атап көрсетілді. Бұл жауапты міндеттерді жүзеге асыру үшін колхоздар мен совхоздарда егіс көлемін ұлғайтудың, демек, егіннен мол өнім алу жөніндегі күреске әлі пайдаланылмай жатқан резервтерді, мүмкіншіліктерді сарқа пайдаланудың зор маңызы бар. Міне, сол резервтердің, мүмкіншіліктердің бірі — ұлан-байтақ еліміздің даласындағы игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлер болып табылады. Бұл сыяқты жерлер біздің облысымызда да аз емес.

Соңғы жылдары облысымыздың бірсыпыра колхоздары мен совхоздарында егіс көлемін ұлғайту, егіннен мол өнім алу міндеттері қанағаттанарлықтай дәрежеде орындалып келе жатқан жоқ. Мұның негізгі себебі — біріншіден, ең алдымен оларда егін жақсы шығатын тың және тыңайған жерлердің егіске толық пайдаланылмай отырылғандығы, егістік жерлерді жұмыстауда агротехникалық ережелердің дұрыс қолданылмай келгендігі болса, екіншіден, тың және тыңайған жерлерді меңгеру жөнінде колхоздарға МТС-тердің тарапынан көрсетіліп келген көмектің де жеткіліксіздігі болды.

ССРО Министрлер Советі мен СОБП Орталық Комитеті тың және тыңайған жерлерді меңгеру жөнінде біздің республикамызға, оның ішінде біздің облысқа орасан зор материалдық-техникалық көмек көрсетуде. Жергілікті партия, совет ұйымдарының міндеті сол — мемлекеттің осы көмегіне сүйене отырып, кәсіргі жағдайда бүкілхалықтық іс болып отырған — тың және тыңайған жерлерді меңгеру арқылы облысымызда егіс көлемін ұлғайту, егіннен мол өнім алу міндетін табысты шешу болып есептеледі. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары кәсіргінен бастап колхоздар мен совхоздарда тың және тыңайған жерлерді іріктеп алу, оларды көктемде жұмыстауға әзірлікті қызу ұйымдастырулары керек.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында үстіміздегі және алдағы жылы 700 мың гектар мөлшерінде тың және тыңайған жерлер игерілуі керек. Тек Октябрь ауданының колхоздарында ғана

Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздарда тың және тыңайған жерлерді іріктеп алу, оларды көктемде жұмыстау шаралары белгіленуде. Бұл жұмысқа МТС агрономдары, колхоз басшылары, механиктерлер белсене қатысуда. МТС дирекциясы тың және тыңайған жерлерді жұмыстау жөнінде құрылған трактор бригадаларына тракторлардың ең қуаттыларын бөліп отыр. Ленин атындағы МТС-тің механизаторлары өткен жылы МТС қамтуындағы колхоздардың 6500 гектардан астам тың және тыңайған жерлерін игеруге көмектесті. Соның нәтижесінде бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда дәнді дақылдардан алынған өнім 1952 жылмен салыстырғанда 10 процент артты. МТС коллективі үстіміздегі жылы колхоздарда 12 мың гектар тең және тыңайған жерлерді жұмыстағалы отыр.

Бірақ, облыстың колхоздары мен МТС-терінің және совхоздарының көпшілігінде тың және тыңайған жерлерді меңгеруге әзірліктің барысы әлі де болса қанағаттанғысыз екендігін жасыруға болмайды. Преснов, Ленин, Октябрь, Булаев аудандарының колхоздарында тың және тыңайған жерлерден егіске деген учасіктерді бөлу өте-өте баяу жүргізіліп келеді. Аталған аудандардағы МТС-тердің агрономдары бұл жұмысқа әлі шындан кіріспей отыр. Сонымен бірге аудан басшылары да тың және тыңайған жерлерді меңгеру мәселесіне әзірліктің баяулығына көзіп келеді. Приешім, Мамлют, Петропавл аудандарында тың және тыңайған жерлерге тұқым әзірлеудің және ол жерлерге қар тоқтатудың барысы нашар. Мұның өзі кәсіргі алға қойылып отырылған негізгі міндетке жауапсыз қарағандықтан болған іс. Тың және тыңайған жерлерден мол өнім алу оған әзірлікке байланысты. Ол жерлерден мол және тұрақты өнім алу үшін көктемде жыртылып, жұмысталатын учасіктерді осы бастап іріктеп алу, оларда қардың мол тоқтатылуын қамтамасыз ету, тұқымның жеткілікті мөлшерде болуына жетісу, трактор парктерінің жер жұмыстауға барлық жағынан сақалдай сай болуын ұйымдастыру қажет.

Тың және тыңайған жерлерді меңгеруді ұйымдастыру жұмысынан партия, совет ұйымдарының тыс қалуына болмайды. Олар әрбір колхоздың, МТС-тің, совхоздың тың және тыңайған жерлерді меңгеруге әзірліктің күнбе-күн тексеріп

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік

Үгіт пунктінде

Қаладағы № 5 қазақ орта мектебінің кең залы мейрамдағыдай безендірілген. Бөлме ішіне Коммунистік партияның, Совет Үкметінің халыққа деген қамқорлығын айқын бейнелейтін диаграмма мен плакаттар ілінген. СОБП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуіндегі жалынды сөздер жазылған ұрандар ересіше көз тартады. Стенддердің үсті газет, журналдарға, сайлауға байланысты саяси және көркем әдебиеттерге толы.

Бұл бөлмеге № 26 сайлау учасігінің үгіт пунктін орналасқан. Үгіт пунктін сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізудің шын мәніндегі орталығы болып отыр. Мұнда кәсіргі 40-тан астам адам үгітші болып істейді. Әрбір үгітшінің өздерінің жеке жұмыс жоспарлары бар. Олар күн сайын дерлік сайлаушылардың үйлерінде болып, оларға еліміздің ішкі және сыртқы жағдайлары туралы, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени дәрежесін арттыруға бағытталған саясаты туралы әңгімелер өткізеді, дауыстап газет оқиды.

Үгітшілердің сайлаушылар арасында үгіт жұмысын ойдағыдай жүргізуіне үгіт пунктін меңгерушісі Подольяк жолдастық қосқан үлесі де зор. Ол әр апта сайын үгітшілер семинарын өткізіп, оларға сайлаушылар арасында өткізетін әңгіме туралы кеңес береді.

Үгіт пунктінде сайлаушылар үшін лекциялар, баяндамалар өткізіліп тұрады. Мәселен, жуырда бұл үгіт пунктінде «Советтік сайлау системасы — дүние жүзіндегі ең демократияшы сайлау системасы» деген тақырыпта лекция өткізілді. Бұған көптеген сайлаушылар қатысты.

Үгіт пунктін жұмыс жоспарында сайлаушылар үшін лекциялар мен баяндамалар оқу қарастырылған. Жуырда мұнда қалалық Совет депутаттарының есебі тыңдалмақ.

Ә. СҮЛЕИМЕНОВ.

Депутаттар сайлаушылар алдында есеп берді

Астық өндірісін арттырудың аса маңызды резерві — егіннің шығымдылығын арттырумен қатар, тың және тыңайған жерді игеру болып табылады. Облысымыздың егіншілері үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерді игеру есебінен дәнді дақылдар егісін едәуір ұлғайтуға, одан мол өнім алуға жетісуге тиіс.



Петропавл, Қызылту көшесіндегі 75-үйде тұрушы Рындиңнің пәтерінде сайлаушылар күн сайын кешкілікте жыйналады. Мұнда үгітшілер Погост, Самаркина жолдастар және басқалары сайлаушылармен әңгіме өткізеді. Олар көрнекі құрал есебінде әртүрлі тақырыпқа жылжымалы стендтер ұйымдастырған.

СУРЕТТЕ: Р. Самаркина жолдастың сайлаушы П. Рындиңнің пәтерінде әңгіме өткізіп отырған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Сайлау алдындағы саяси үгіт

СОБП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуі аудан өңбекшілерінің саяси және өндірістік өрледен туғызды. Сайлау алдындағы саяси үгіттің мақсаты — өңбекшілердің патриоттық белсенділіктерін қолдау, олардың еңбектегі табыстарын онан әрі арттыра беруге, сайлау күнін жаңа табыстармен қарсы алу мақсатына арналып отыр.

Ауданда жүздген үгітшілер мен насихатшылар, ондаған саяси баяндамашылар сайлаушыларға ССРО Конституциясын, советтік сайлау системасының ұлы принциптерін, депутаттыққа кандидаттардың өмірбаяндарын, партия мен үкметіміздің ішкі және сыртқы саясатын кеңінен түсіндіреді. Сайлау учасігіндегі 26 үгіт

дында тұрған міндеттер жөнінде хабарлайды. Мұның бәрі үгітшілердің сайлаушылар арасындағы әңгімені әсерлі жүргізуіне жағдай туғызады.

Жақында оқу үйінің меңгерушісі Романенко жолдас сайлаушылармен СОБП Орталық Комитетінің Үндеуі жөнінде әңгіме өткізді. Ол өзінің әңгімесінде партиямыздың колхозшы шаруаларды да коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге, артель шаруашылығын шұғыл өркендетуге шақырғанын айтты.

Әңгімеден кейін сайлаушылар өзара пікір алысып, сайлауға әзірлікте артель шаруашылығында орын алған кемшілік-

Сайлаушыларды мәдениетті қамтймыз

СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы ауыл шаруашылығы өңбекшілерінің күн санап өсіп отырған мәдени және рухани тілегін үнемі тыңғылықты өтеп отыру жөнінде ауыл-селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің алдына зор міндеттер қойды. Пленум қаулысын басшылыққа ала отырып, біз ауылдық Совет жанындағы оқу үйінің жұмысын жаңа міндеттер дәрежесінде боларлықтай өтіп қайта құрдық.

Оқу үйінің 5 адамнан құрылған Советі бар. Колхозшылар арасында жүргізілетін барлық саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын бастауып партия ұйымының (секретары Есенғұлов жолдас) көмегі мен басшылығына сүйене отырып, оқу үйінің Советі бекіткен айлық жоспар бойынша жүргізіп отырамыз. Бұл жоспарларда ауылдық Советке қарасты Сталин атындағы колхоздың барлық бригадаларында тұратын колхозшыларды мәдениетті қамту қарастырылады.

Кәсіргі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күндерінде біз оқу үйі ауылдағы үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының шын мәніндегі орталығына айналдыру үшін күш жұмсаудамыз. Оқу үйінің жанындағы үгітшілер тобында 10 үгітші жұмыс істейді. Олар кәсіргі 10 үйліктерде сайлаушылар үшін «Совет азаматтарының праволары», «Депутат — халық қызметшісі» деген тақырыптарда әңгімелер өткізіп, сайлаушыларды ССРО Конституциясымен, сайлау туралы Ережемен және ССРО Жоғарғы Советіне депутаттыққа ұсынылған кандидаттардың өмірбаяндарымен таныстырып жүр, сондай-ақ СОБП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуін оқып береді.

Оқу үйінде сайлаушылар үшін лекциялар оқылып, әңгімелер өткізіліп тұрады. Жуырда Еңбекшіқазақ мектебінің директоры М. Касенов жолдас «Совет Одағының Конституциясы туралы» лекция оқыды. Оқу үйі жанынан ұйымдастырылған көркемөнершілер, домбыра үйірмелерінің мүшелері сайлаушыларға «Жолдастар» атты пьеса қоюға, концерт беруге әзірленіп жүр. Колхозшыларды мәдениет-

Осы жылы 70 мың гектар тың жер көктемде жыртылып, оған тұқым себілуге тиіс. Міне, осы фактінің өзіннен-ақ тың және тыңайған жерлерді менгеруде облыс еңбекшілерінің алдында орасан зор міндеттердің тұрғандығын көруге болады.

Мемлекетіміз облыстың МТС-тері мен совхоздарына мыңнан астам шынжыр табанды тракторларды және көптеген басқа да ауылшаруашылық машиналарды жаңадан жіберіп, МТС-тер мен совхоздардағы трактор парктерін оған сайын нығайта түсуде. Бұл тракторлар мен машиналар негізінен тың және тыңайған жерлерді жұмыстауға пайдаланылады. Облыстың МТС-терінде тың және тыңайған жерлерді жұмыстау үшін жаңадан 56 трактор отряды ұйымдастырылды. Бұл егін шаруашылығының мәдениетін арттыру жолында зор күш болып саналады.

Облыстың МТС-теріне, сондай-ақ, совхоздарына шынжыр табанды тракторлар сияқты көптеген жаңа қуатты техникалардың желуімен байланысты механизатор кадрларын даярлау жөнінде де жергілікті партия, совет ұйымдары, әсіресе, МТС, совхоз басшылары көбірек жұмыс істеулері керек. Механизатор кадрларын жеткілікті мөлшерде даярламайынша, МТС-терді, совхоздарды маман механизаторлармен қамтамасыз етпейінше тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде алға қойылып отырған міндетті толық орындау мүмкін емес.

Егіншіліктің мәдениетін арттырудың ең басты шарасы болып есептелетін тың және тыңайған жерлерді менгеруің маңызына түсінген колхоздарда, МТС-терде көздің өзінде-ақ тың және тыңайған жерлерді игеруге әзірлік қызу жүргізілуде.

А. Н. Косыгин жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары А. Н. Косыгин жолдастың туғанына елу жыл толуымен байланысты және оның Совет мемлекеті алдындағы еңбектері ескеріліп, Алексей Николаевич Косыгин жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары (Н. ПЕГОВ.
Москва, Кремль
20 февраль, 1954 жыл.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс

22 февральда Совет Армиясының Орталық театрында ССР Одағы Қорғаныс Министрінің астананың партия, совет және қоғам ұйымдары өкілдерімен басқосқан Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының 36 жылдығына арналған салтанатты мәжілісі болды.

Салтанатты мәжілісті ССР Одағының Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин жолдас ашты. Ол жыйналғандарға арнап құттықтау сөз сөйледі.

Москва партия ұйымының және астана еңбекшілерінің атынан СОКП Москва комитетінің секретары Н. А. Михайлов жолдас, Бүкілодақтық Кәсіпшілер Одағының Орталық Советінен Н. М. Шверник жолдас, совет ғалымдарынан ССРО Ғы-

лым академиясының президенті А. И. Несмеянов жолдас, БКЖО Орталық Комитетінен А. Н. Шенелин жолдас, колхоз шаруаларынан — Москва облысы, Бронниц ауданы, «Борец» колхозының председателі, Социалистік Еңбек Ері П. И. Ажирков жолдас Совет Армиясының жауынгерлеріне арнап сәлем және құттықтау сөздер сөйледі.

Корытындысында ССР Одағының Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин жолдас жылы шыр аймен құттықтап, сәлем жолдағандары үшін сөйлегендерге шын жүректен алғыс айтты.

Мәжіліске қатысқандар үшін үлкен концерт берілді.

(СОТА).

депутаты Гусаков, Покровскі селолық Советінің депутаттары Батырбаев, Сияжова жолдастар Окуневка селосы сайлаушыларының алдында өздерінің жұмыстары жөнінде есеп берді.

Депутат Гусаков жолдастың инициативасы бойынша өткен жылы Окунев бастауыш мектебі күрделі жөндеуден өтті. Депутат Батырбаев сайлаушылардың тілегі бойынша «Завет Ильича» колхозы басқармасының алдына селода оқу үйін ашу жөнінде мәселе қойған еді. Көп кешікпей-ақ селода оқу үйі ашылып, ол жұмысқа қосылды. Кәзір селолық оқу үйі сайлау алдындағы жұмыстың орталығына айналуда.

Колхозшы Абдолла Бейсенбаев депутаттарға селолық кешкі жастар мектебін ашу жөнінде тілек білдірді. Кәзір колхозда кешкі жастар бастауыш мектебі бар. Онда 20 жас колхозшылар оқын жүр. Бастауыш мектепті бітірген оқушылардың одан әрі оқуын қамтамасыз ету үшін осы мектепті жетіжылдық мектепке айналдыру міндеті қойылып отыр. Депутаттар сайлаушылардың бұл аманаттарын орындау жөнінде уәде берді.

А. МАНУИЛОВ.

пункті жұмыс істейді. Олар саяси-бұқаралық жұмыстың орталығына айналды. Раевка, Бугровоо, Камышлово селоларындағы үгіт пункттері сайлауға әзірліктің алғашқы күндерінен бастап, саяси және мәдени жұмыстарды кеңінен өрістетті. Бұларда сайлаушылардың кештері, саяси тақырыптағы әңгімелер мен баяндамалар, колхоз өндірісі озаттарының жұмыс тәжірибелері жөніндегі кештер жиі ұйымдастырылады.

Бастауыш партия ұйымдары үгітшілердің назарын саяси-бұқаралық жұмысты аударып колхоздары мен МТС-терінің жаңа міндеттері мен байланыстыра жүргізуге, сөйтіп, еңбекшілердің өндірістік белсенділіктерін үнемі арттырып отыруға аударды. Бұл жөнінде Киров атындағы колхоз партия ұйымы жұмысын мысалға алуға болады. Мұнда үгіт пункті көрнекі үгітпен, сайлау науқанына арналған саяси әдебиеттермен жабдықталған. Пункт үгітшілер үшін, жас сайлаушылар үшін арнаулы мүйістер ұйымдастырды. Партия ұйымы үгітшілердің кеңесін жиі ұйымдастырып, олардың жұмысын жыйнақтайды және колхоздың ал-

жасады. Колхозшы әйел Татьяна Шкаленко өзінің сөзінде артель шаруашылығын нығайту үшін ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдаланудың қажеттігіне тоқталды. Колхоз дәнді дақылдар егісі мен картоп, овош өндірісін де мейлінше ұлғайтуға тиіс. Бұл жұмысқа қарт колхозшылар мен жасөспірімдерді пайдалану қажет. Осы сияқты, колхозшы әйел Резун мал-азығындық қызылшаны сауын сыйырларға турап, нәрденіріп беру жөнінде мәселе қойды. Колхоз басқармасы бұл ұсыныстарды қуаттап, оны жүзеге асырудың шараларын белгіледі.

Ауданның Чапаев атындағы, Буденный атындағы, «Путь Ильича» ауылшаруашылық артельдерінде де сайлау алдындағы саяси үгіт барынша әсерлі ұйымдастырылып отыр. Осының нәтижесінде аталған шаруашылықтарда көктемгі егіске әзірлік, мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жөніндегі социалистік жарыс күннен-күнге кең өріс алууда.

А. КАРПЕНКО,

ҚКП Полудень аудандық комитетінің секретары.

ті қамту мақсатымен, біз көршілес колхоздарға да барып, ойын сауық кешін өткізуді қарастырып отырмыз.

Оқу үйінде, фермаларда үнемі қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктар шығарып отырамыз. Оқу үйінің активтері үгіт пунктін безендіруге, ұрандар жазуға көмектесті. Кәзір оқу үйіндегі үгіт пункті жақсы безендіріліп, онда сайлаушылардың тізімі ілініп қойылды. Кешке жақын колхозшылар мен жастар оқу үйіне жыйналып, шахмат, дойбы, домино ойнайды, газет, журналдар, кітаптар оқыды, кино көреді.

Біз оқу үйінің жұмысын бұдан былай да сайлаушылардың өскелең мәдени тілегіне сай жүргізе отырып, колхозды ауыл еңбекшілері арасында жүргізілетін үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының идеялық дәрежесін арттыра береміз.

М. ЗАҒЫПАРОВ,

Булаев ауданы, Бірінші май ауылдық Советі жанындағы оқу үйінің меңгерушісі.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—мол өнімнің негізі

Тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға жұмысқа баратын Москва қаласы мен Москва облысы комсомолецтерінің жыйналысына қатысушылардың ҮНДЕУІ

Совет Одағының комсомолецтері мен комсомолкаларына және жастарына

Қымбатты жолдастар!

Коммунистік партия мен Совет Үкметі 1954—1955 жылдардың ішінде Сибирьде, Қазақстанда, Уралда және Новолжеде миллиондаған гектар тың және тыңайған жер жыртып, дәнді дақылдар егу міндетін қойды. Социалистік ауыл шаруашылығын, оның жетекші саласы — астық шаруашылығын жаңадан өркендету үшін бұрын болып көрмеген зор мүмкіншілік туып отыр. Бұл өлкелерде халқымыз миллиард пұттан аса қосымша астық алады. Ал астық — Отанымыздың байлығы. Астық неғұрлым көп болса, бізде нан ғана емес, сонымен бірге барлық басқа азық-түлік те солғұрлым көп болады.

Жаңа жерлерді игеруге белсене қатысу — кәзір комсомолдың ең жауынгерлік міндеттерінің бірі. Мыңдаған комсомолецтер, жалынды жастар партиямыздың шақыруына кәзірдің өзінде үн қосып, жаңа жерлерді игеру ісіне қатысуға қызу тілек білдірді.

Жаңа жерлерге бара жатқан біздер, Москва қаласының өнеркәсіп орындарының жас жұмысшылары, Москва облысының мамандары мен механизаторлары, ауыл шаруашылығының жас механизаторлары мен мамандарына, өнеркәсіп

орындары мен совхоздардың жұмысшыларына, барлық комсомолецтерге, жігіттер мен қыздарға жалынды үндеу жазып, мынаған шақырамыз:

— Біздің жаңа еңбек армиясының қатарына қосылыңдар! Жаңа жерлерге барыңдар!

Жас тракторшылар, комбайншылар, механиктер, шоферлер, жөндеу жұмысшылары! Отанымыз бізге ең тамаша машиналар беріп отыр. Бұл машиналарды жаңа жерлерде шебер пайдаланып, егістен мол өнім алуға ұмтылып, соның нәтижесінде социалистік экономиканы оған әрі өркендету ісіне жаңа үлес қосайық!

Ауыл шаруашылығының жас мамандары! Сендердің алдарыңда творчестволық зор жұмыс істеу үшін шексіз мүмкіншіліктер туып отыр. Біздің қатарымызға қосылыңдар—сендерді жаңа жерлерде күтетіміз!

Жаңа жерлерді игеріп, қоныстанудың оңай болмайтынын біз білеміз. Алғашқы уақытта кездесетін қиыншылықтар аз болмайды. Бірақ, шөлдалаға қалалар алғашқы шатырдың төңірегінде орнап, өскен жөк па еді, Амурдағы Комсомольскінің, Магнитогорскінің, асқан алып су тораптарының алғашқы құрылысшылары

комсомол жыйналыстарын далада жағылған оттың қасында, ашық далада өткізген жоқ па еді! Совет жігіттері мен қыздары турмыстың жеңіл жағын ешуақытта да іздеген емес — біздің Коммунистік партиямыз оларды міне осылай тәрбиелеп келеді. Біз алдымыздағы ұлы мақсатты айқын көріп отырмыз, сондықтан да біз осы мақсатты жүзеге асыру үшін қа жырлылықпен, жан аямай күресеміз.

Қымбатты достар!

Жаңа жерлерді игеруге бара жатып біз Коммунистік партия мен Совет Үкметінің алдында, біздің бүкіл халқымыздың алдында өзімізге жоғары міндеттеме аламыз.

Бүгінгі күні Кремльдің Үлкен Сарайының күмбездері астында: Коммунистік партия мен Совет Үкметі бізге тапсырған жаңа, ұлы іске өзіміздің бүкіл комсомолдық жалынды жүрегімізбен кірісуге біз салтанатты ант береміз.

Біз жігерлі жастардың жаңа еңбекші отрядтары біздің соңымыздан ілесе сапарға аттанады деп сенеміз.

Жаңа жерлерге барайық, қымбатты достар!

Тез арада тың жерлерде кездесетін болайық!

Біздің міндеттемеміз

Біздің колхозда 3.599 гектар тың жер бар. Ол жер астық ендіруге мүлдем пайдаланылмай келеді. Біз ол жерлерді пайдалануға бұған дейін көңіл аудармай келдік. Кәзіргі жағдайда, партия мен үкмет астық өндірісін өркендету беруді шұғыл міндет егін қойып отырған жағдайда, бұл міндетті шешу үшін тың жерді меңгерудің зор маңызы бар екенін біз толық түсінеміз.

Осыған байланысты біздің колхоздың комсомолы ұстеміздегі жылдың көктемінде егілетін барлық дәнді дақылдардың 929 гектары тың жерге егуді ұйғарып отыр. Оның 272 гектары өткен жылдың күзінде жыртылған дайын жер. Ал, келесі көктемгі егіс кезінде тағы да 657 гектар тың жер игеруіміз керек.

Бұл үшін колхоздың егіс даласында қамтуында үш «С—80», үш «ДТ—54», екі «СТЗ—НАТИ», үш «ХТЗ» және бір «У-2» — барлығы 12 тракторы бар трактор бригадасы жұмыс істейді. Олардың ішінде жаңадан екі «С—80», екі «ДТ—54» тракторлары келеді. Бұлар тек тың жерді көтеруге пайдаланылады. Барлық тракторлардың екі сменада жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маман тракторшылар тобы даярлануда.

Кәзір колхоз басқармасы Совет МТС-нің басшылары мен мамандарының көмегімен тың жерлерді қай участоктардан таңдау керек, оны жырту қай мерзімде басқару керек, бұған қандай күш бөлінуге тиіс — міне, осы мәселелерді талқылап, нақтылы шаралар белгілеуде.

Т. ЖҰНЫСОВ,

Совет ауданы, Молотов атындағы колхоздың председателі.

Еңбекшілердің тұтыну қажеттерін тыңғылықты өтеу—аса маңызды міндет

Жоғары сапалы ет консервілерін көп өндіреміз

Завод коллективі өндіріс мүмкіншіліктері мен резервтерін толық пайдалану жолындағы күресті күшейте отырып, өнім шығаруды барған сайын ұлғайтып келеді. Бұған өткен жылғы қол жеткен табыстарды айтқанның өзі ақ жеткілікті. Өткен жылы өнім шығару жоспары 100,2 процент орындалды. 1953 жылы 1952 жыламен салыстырғанда ет консервілері 5,3 процент артық шығарылды.

Завод коллективі жоспарды орындаумен ғана тынған жоқ. Ет консервілерінің ассортимента көбейтіп, оның сапасын жақсарту жөнінде де бірқатар табыстарға қол жетті. Быйыл консерві цехында «Арктика», «Московский» сыяқты консервілердің жаңа түрлерін шығару меңгерілді. Завод мұндай сапалы консервілерді быйыл көптеп өндіреді. Технологиялық ережелерді мұқият сақтау және оны жетілдіру нәтижесінде өнімнің сапасы да біраз жақсартады, одан жіберілетін ақау азайтылды. Мысалы, өткен жылы 1952 жыламен салыстырғанда консервілерден жіберілген ақау екі есеге дейін қысқартылды. Сол сыяқты, консерві қабылтырлары сапалы, сыртқы көрінісі әдемі етіліп шығарылатын болды.

Өнімнің өзіндік құнын кеміту —кәсіпорны жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Біз өнімнің өзіндік құнын кемітуге ерекше көңіл бөліп келеміз. Өткен жылдың екінші жартысынан бастап завод шаруашылық есебіне көшкен болатын. Мұның өзі өнім шығаруды ұлғайтумен қатар, оның өзіндік құнын кемітуге де қолайлы жағдай туғызды. 1954 жылы өнімнің өзіндік құны жоспардағыдан 1 миллион 700 мың сом кемігілді.

Бүкіл еліміздегі сыяқты біздің заводтың коллективі де партиямыз бен үкметіміздің азық-түлік товарларын шығаруды ұлғайту және оның сапасын жақсарту, халықтың оған деген өселен қажетін мінсіз өтеу жөніндегі қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Халқымызға жоғары сапалы консервілерді көп беру үшін біз ішкі мүмкіншіліктерді тиімді пайдаланып, өнім шығаруды ұлғайтудың тиісті шараларын белгіледік. Өнім шығару жоспарын оның ассортименті бойынша орындауда шаруашылық есепті қолданудың көп пайдасы тиді. Бұл арқылы біз әрбір бөлімше, цех, сондай-ақ бүтіндей завод бойынша өндірістік жоспардың орындалуын, еңбек өнімділігінің артуын, шыкізат пен материалдың қаржының жұмсалуды күнбе-күн есептеп, білін отыруға мүмкіндік алдық. Ал, бұл заводта еңбек өнімділігін арттырып, өндіріс қуатын дұрыс пайдалануға, шыкізат пен материалдарды ұқыпты жұмсауға қолайлы жағдай туғызды. Шаруашылық есепке

ның қатары да барған сайын көбейде. Көзір заводта бірнеше мінсіз сапалы өнім шығаратын бригадалар жұмыс істейді. Олар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, өнім шығаруды ұлғайтуда, оның сапасын жақсартуда және шыкізат пен материалдарды көптеп үнемдеуде. Социалистік жарыста қабылтыр-банк жасаушылар цехының Балабухова, Песева жолдастар басқарған бригадалары үздік алда келеді. Еңбектің озат әдістерін қолдану нәтижесінде бұл бригадалар 28 мың 500 сомның жетіспейтін материалдарын үнемдеді. Ибраев және Горбатовская жолдастар басқарған ет сылаушылар бригадалары да үздік табыстарға жетіп жүр. Бұл бригадалар жоспардан тыс 589 центнер ет сылады. Бұдан завод 199 мың банк-консерві жасап шығарды.

Заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған рационализаторлық ұсыныстар енгізуде. Заводта еңбекті көп керек ететін жұмыстың бірі —банктерді майлау еді. Жаңашылы жұмысшы Лозинко жолдастың жасаған ұсынысының өндіріске енгізілуі нәтижесінде бұл жұмыс механикаландырылды. Осының арқасында банк майлаудан 20 жұмысшы босатылды және еңбек өнімділігі 25 процент арттырылды. Сол сыяқты, жаңашылы Акимов жолдастың ұсынысы негізінде майысқан қабылтырларды жазатын автомат-станок жасалды. Бұл да еңбек өнімділігін арттыруға қосымша зор мүмкіншіліктер туғызды.

Осымен бірге, заводтың жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Біз әлі де болса бірқалып өнімді жұмыс істей алмай келеміз. Өнімнің 50—60 проценті айдын үшінші онкүндігінде беріледі. Мұның өзі консервілерді сапалы шығару ісіне нұқсан келтіріп жүр. Біз көзір мұндай кемшіліктерді жоюдың, сөйтіп, бірқалып рентабельді жұмыс істеудің тиісті шараларын белгілеудеміз.

Үстеміздегі жылы заводтың алдында аса күрделі міндеттер тұр. Быйлы 1953 жылмен салыстырғанда өнім 25 процент артық шығарылады, консервілердің жаңадан үш түрін шығару менгеріледі. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін бірқатар ұйымдастыру-техникалық шаралар жүзеге асырылады. Бөлімшелер мен цехтар ұлғайтылады және өндіріс алаңдарын пайдалану жақсартылады.

Завод коллективі сөз жоқ, өндіріс мүмкіншіліктерін тиімді пайдаланып, өнім шығару жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша толық орындайды, сөйтіп, халқымызға жоғары сапалы ет консервілерін көп беруді

ТҮТЫНУШЫЛАР МҮДДЕСІ ҮШІН

Көзір біздің артель коллективінің алдында аса жауапты міндеттер тұр. Ол—халық үшін азық-түлік товарларын шығаруды ұлғайту, оның ассортиментін көбейту, сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміту болып табылады. Артельде үстеміздегі жылы негізгі өнім: шұжық пен кондитер тағамдарын өндіру өткен жылдан едәуір көп шығарылады.

Міне, мұндай күрделі міндетті ойдағыдай орындау өндіріске жаңа техника мен технологияны кеңінен пайдаланып, еңбек өнімділігін еселеп арттыруды талап ететіні белгілі. Артель коллективі жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап өндіріс мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, өнім шығаруды ұлғайту жолында қажырлы еңбек етуде. Бұл өзінің игілі нәтижелерін беріп те отыр. Осы жылғы январь айына тағайындалған жоспар 106 процент орындалды. Бұл айда жүздеген сомның кондитер тағамдары жоспардан артық шығарылды. Шұжық тағамдарын шығару жоспары да толық орындалды.

Бұл табысқа коллектив ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетіу нәтижесінде не болды. Социалистік жарыста приеник шығаратын цехтың жұмысшылары үздік алда келеді. Олар еңбек өнімділігін арттырудың тамаша үлгілерін көрсетіп, сменалық тапсырмаларын асыра орындап жүр. Мысалы, жұмысшы Филиппов жолдас сменалық нормасын үнемі 130—150 проценттен орындайды. Сол сыяқты, цех мастерлері Герасименко, Королева жолдас-тар да халық үшін азық-түлік товарларын мол шығарып, бұл жөнінде аға қойылып отырған міндеттерді, аброймен орындау үшін мінсіз еңбек етіп жүр.

Бұл айтылғандардан артельде азық-түлік товарларын өндіруде кемшіліктер жоқ деген ұрым тумайды. Біз барлық өнімнің жоғары сапада шығарылуына жетісе алмай келеміз. Әсіресе, шұжық тағамдарының сапасы төмен болып жүр. Өндіріс процестерін жетілдірудің, шыкізатты дұрыс пайдаланудың тиімді шараларын жүзеге асырып, шұжық өнімдерінің сапалы шығарылуын қамтамасыз етеміз.

Коллектив бүкілхалықтық мереке ССРО Жоғарғы Советі сайлауы күрметіндегі социалистік жарысқа қызу ұштасып, осы жылғы бірінші тоқсанның өндірістік жоспарын өнімнің түр-түрі бойынша 20 мартқа дейін толық орындауға міндеттенді. Біз бұл міндеттемені іс жүзінде орындап шығамыз.

М. АЛШЫНБАЕВ,

«Прогресс» кәсіпшілік артельінің председатели.

МІНСІЗ САПАЛЫ ӨНІМ ШЫҒАРАТЫН БРИГАДА

Партиямыз бен үкметіміздің азық-түлік товарларын шығаруды ұлғайту және

В. М. Молотовтың төрт держава сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесінің қорытынды мәжлісінде 1954 жылы 18 февральда жасаған мәлімдемесі

ССРО-ның, Францияның, Англияның және АҚШ-тың сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесі өзінің алдына қойылған халықаралық жағдай мәселелерін қарады. Кеңесте болған пікір алысу осында өкілдері қатысқан мемлекеттердің позицияларын неғұрлым дұрыс түсінуге көмектесті.

Біздің үкметтеріміздің позициялары арасында болып отырған алшақтық осында неғұрлым айқын көрінді. Сонымен бірге осы алшақтықты азайту жолдары анағұрлым айқындала түсті, өйткені мүдделі жақтар бұған жетуге шын мәнісінде талап жасайтын болады.

Өзінің бұлжымайтын бейбітшілік саясатынан айнымайтын ССРО Үкметі Берлин кеңесі халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайтуға қаншалықты көмектесетін болса, ол халықтарға сондай дәрежеде пайда келтіреді деп есептеді және есептейді.

Жұртқа мәлім, кейбір үлкен мемлекеттерде елдер арасындағы қатынастарды жақсартуға қарсыласып отырған күштер бар. Бұл күштер халықаралық шиеленісті қолдау, ал мүмкін болса, тіпті оны күшейту мақсатын көздеуде. Бұл күштер, мысалы, Кореядағы соғысты тоқтатылуынан қорықты, өйткені олар зор көлемді соғыс қазадарына және жанталаса қарулануға мүдделі болып отыр. Мұның өзі, әрине, олардың қалталарын қалыңдатып, пайданы және шамадан тыс пайданы арттыра беруіне көмектеседі ғой.

Бірақ, басқа адамдардың есебінен өз байлықтарын шексіз арттыруға тырысып отырған бұл елдердегі шағын және тек ерекше басым жағдайдағы топтардың мүдделері міне осындай. Ал халық бұқарасының мүдделері және, айтуымызға болады, үлкенді-кішілі ұлттардың мүдделері мүлде басқаша. Халықтар халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, бейбітшілікті баянды етуге мүдделі болып отыр. Ал ССРО Үкметі өзінің бүкіл сыртқы саясатында дәл осы мүдделерді басшылыққа алып келеді.

Осы кеңесте АҚШ-тың, Францияның, Англияның және Совет Одағының үкметтері қарусыздандыру немесе, ең болмағанда, қару-жарақты едәуір азайту проблемасын ойдағыдай шешуге көмектеседі деген келісімге келді. Мұның өзі төрт мемлекеттің үкметтеріне белгілі міндеттемелер жүктейді.

Бұдан кейін, Женевада, АҚШ, Франция, Англия, Совет Одағы және Қытай Халық Республикасы өкілдерінің, сондай-ақ тиісті мәселелер жөнінде тікелей мүдделі елдер өкілдерінің кеңесін шақыру туралы мәселе жайында келісімге қол жетті. Бұл кеңесте корей мәселесін түпкілікті реттеуге көмектесу ескеріліп отыр. Мұндай келісім бейбітшілікті нығайту мүдделерін және Кореяны ұлттық біріктіру туралы мәселені шешу мүдделерін қолдайды. Кореяда осымен қатар

Европада хауіпсіздікті қамтамасыз етумен тығыз байланысты деп мәлімдедік. Мұның мәнісі —Германия демократиялық және бейбітшілік негіздерде біріктірілуіне тиіс, ал герман милитаризмін қалпына келтіруге жол берілмеуге тиіс деген сөз.

Төрт мемлекеттің Германия туралы мәселе жөніндегі позицияларындағы алауыздықтың неде болып отырғаны енді жеткілікті анықталды. Герман проблемасын шешу, бөрінен бұрын, немістердің өз ісі болып табылатынын осы Берлин кеңесі ерекше айқындап берді. Франция, Англия, АҚШ және ССРО үкметтері герман мәселесін шешуге жауапты, бірақ олар Германия территориясындағы шетелдік оккупациялық әскерлердің тек шек қойылған міндеттері ғана бар екенін ұмыта алмайды және Германияны біріктіру туралы, демократиялық және бейбітшілік негіздерде герман мемлекетінің бірлігін қалпына келтіру туралы мәселелерді шешуге немістерді қатыстырмай тастауға тиісті емес.

Біз осында немістерді тыңдау, сөйтіп Германияны біріктірудің шұғыл міндеттері туралы және Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етуге герман халқының қатысуы жайында герман халқының өзінің не ойлап отырғанын білу сыяқты тіпті соншалық қарапайым мәселе жөнінде де осы кеңесте, амал қанша, келісе алмадық. Совет өкілдері, егер біз немістерді тыңдаған болсақ, Шығыс және Батыс Германияның өкілдерін тыңдаған болсақ, онда біз бүкіл герман халқы мүдделі болып отырған шұғыл мәселелерді шешуді анағұрлым жеңілдеткен болар едік, деп сенеді.

Барлық немістердің назары Герман мемлекетінің бірлігін қалпына келтіру мәселесіне аударылып отыр. Бұл үшін біз жалпыгерманиялық еркін сайлауды неғұрлым тез өткізуге көмектесуге тиіспіз. Егер біз Германияда еркін сайлау өткізілуін шынымен тілейтін болсақ, бұл сайлауды шетелдік оккупациялық өкмет орындары емес, қайта немістердің өздері өткізуге тиіс.

Жалпыгерманиялық сайлаудың шын мәнісінде еркін болуын қамтамасыз ету үшін Совет үкметі шетелдік оккупациялық әскерлерді, қатаң шек қойылған контингенттерден басқаларын, Германияның бүкіл территориясынан әкетуді ұсынды. Міне сонда, Жалпыгерманиялық ұлттық парламентке депутаттарды еркін сайлау сыяқты герман халқының өзінің бұрынғы ішкі ісіне шетелдік державалар тарапынан араласуға және қысым жасауға жол бермеуге болар еді.

Германиямен Бітім договорын жасау туралы мәселе шұғыл мәселе болып табылады. Германиямен Бітім договорын неғұрлым тез жасау қажеттігін талап ету дегеніміз — Германияның бірлігін неғұрлым тез қалпына келтіруі талап

АҚШ, Англия, Франция және ССРО үкметтері соғыс жылдарында өзара келісе білген болатын. Міне сондықтан да олар өздерінің бейбіт жағдайдағы қыймылдарын келісу, әсіресе жаңа соғыс хауіпнен сақтандыру жолдарын табуға тиіс.

Совет үкметі белгілі бір елдердің басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған соғыс топтарын құруға теріс қарайтын ешуақытта да жасырған жоқ. Халықаралық қатынастардағы мұндай бағыт пен даму соғыс хауіпін күшейтуге әкеліп соқтырады, халықтар арасында баянды бейбітшілік орнату мүдделеріне қайшы келеді.

Совет үкметі Европалық қорғаныс бірлестігі сыяқты соғыс тобының ерекше хауіпті екенін көрсетпей отыра алмайды, өйткені бұл бірлестікті құру герман милитаризмін қалпына келтіргендік болады. Бұл сыяқты жоспарлар Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік мүдделерін көздемейді.

Сондықтан Совет үкметі Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы Жалпы-европалық договордың жобасында баяндалған ұсынысты жасады. Бұл договорға Германия да, көзіргі уақытта —Шығыс және Батыс Германия, ал оның бірлігі қалпына келтірілгеннен кейін — біріккен Германия да тең праволы негіздерде қатыса алған болар еді. Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасын жүзеге асыруға европалық емес мемлекеттер де көмектесе алған болар еді. Ал дүниежүзілік бірінші, сондай-ақ екінші соғыстың Европада басталғанын ұмыту дұрыс болмас еді. Міне сондықтан да Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпы-европалық договор жасау жайындағы Совет Одағы ұсынысының ерекше зор маңызы бар.

Австриямен мемлекеттік договор туралы мәселені осы Берлин кеңесінің өзінде-ақ шешуге болатын еді. Бұған герман милитаризмін қайта тудыру үшін күшейтетін жоғарыда айтылған шарлар өзінде кедергі болды. Сондай бола тұрса да, Совет үкметі бұл мәселені таяудағы уақытта шешуге мүмкіндік бар деген сенім білдіреді. Мұны Австрия үкметінің ескеруі қажет және мұны Австрия халқының дұрыс түсінуі қажет.

Берлин кеңесін шақырудың Францияның, Англияның, АҚШ-тың, ССРО-ның сыртқы істер министрлері арасында тікелей байланыстың қайтадан басталуының көзіргі жағдайда белгілі маңызы бар. Мұның өзі кейбір пісуі жеткен халықаралық проблемаларды қарауға көмектесті, ал бұл проблемаларды шешу халықаралық қатынастардағы шиеленісті онан әрі бәсеңдету үшін қажет.

Бұл кеңесте шешілмей қалған міндеттер күн тәртібінен алынбайды. Біз онан

көшкеннен бері заводта 88 мың сомның шикізаттары мен материалдары үнемделді.

Заводта консерві жасаудың озаттары-

САТУШЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Товар айналымының тездетіліп, сауда мәдениетінің көтерілуі сатушыға байланысты. Октябрь ауданындағы Семиполка селолық тұтынушылар қоғамының «Интернационал» колхозындағы № 7 дүкенінің сатушысы К. Балгожина жолдас мұны жақсы біледі.

Балгожина жолдас тұтынушылардың қерексінугін үнемі зерттеп отырады. Селолық тұтынушылар қоғамына барғанда ол колхозшыларға аса қажетті товарларды әкеледі. Міне, жұмысты осылай істеудің нәтижесінде Балгожина жолдас товар айналымы жоспарын ай сайын мін-

И. АНУФРИЕВ,
Петропавл ет комбинатының консерві заводының директоры.

сіз орындап келеді. Ол жылдың декабрь айында 5 мың сомның товарын жоспардан артық сатты. Январь айында да товар сатуда айтарлықтай табыстарға жетті.

Сатушының мақсаты — тұтынушыларға адал қызмет етіп, товар айналымын тездету, сауда мәдениетін арттыра беру, сөйтіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына өзінің лайықты тартуын әзірлеу. Сатушының бұл мақсатына жететіні күмәнсіз.

К. ӘЛІМОВ.

оның сапасын жақсарту, сөйтіп, халымыздың бұған деген қажетін барынша толық қанағаттандыру жөніндегі қаулысын ойдағыдай орындау жолында Петропавл нан комбинатының алдыңғы қатарлы бригадалары қажырлы еңбек етуде.

Мұндайлардың бірі — Добрынина жолдас басқарған бригада. Еңбектің озат әдістерін кеңінен қолданудың нәтижесінде бригада өнімнің ассортиментін ұлғайтуда және оның сапасын жақсартуда үздік табыстарға жетті. Екі жылдан бері Добрынина жолдасының бригадасы «мінсіз сапалы өнім шығаратын бригада» атағын берік ұстап келеді.

Бригада мүшелері нан пісіруде сменалық нормаларын үнемі асыра орындап жүр. Мысалы, бригаданың Казарина, Глаголева жолдасар сыяқты нан пісірушілері сменалық тапсырмаларын күн сайын 110—120 проценттен орындайды.

Ж. ҚАПАНОВ.

Болашақ мамандарды даярлауға жете көңіл бөліңсің

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын жедел қарқынмен өркендету, оның өнімділігін шұғыл арттыру, сөйтіп, таяудағы екі-үш жылдың ішінде халқымызды азық-түліммен, ал, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен мол жабдықтау міндетін қойды. Бұл аса жауапты міндетті іс жүзіне асыруда ауыл шаруашылығының мамандары шешуші роль атқарады.

«...көзіргі жағдайда, колхоздардың ірі, көп салалы шаруашылықтарға айналған, ал, машина-трактор станциялары көзіргі заманның техникасымен жабдықталып, ауылшаруашылық өндірісінде шешуші күш болып отырған кезде, колхоздар мен МТС-терді шаруашылыққа шебер басшылық ете алатын және ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ете алатын маман кадрлармен онан әрі нығайту міндетінің аса зор маңызы бар» делінген сентябрь Пленумының қаулысында.

Облысымызда ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын негізгі мектептердің бірі Петропавл ауылшаруашылық техникумы. Алайда, бұл техникум Пленум алға қойған талаптарға сай жұмыс істей алмай келеді. Бұл техникум колхоздар мен машина-трактор станцияларына агроном, жерге орналастырушы және бухгалтер сыяқты мамандарды даярлауға тиіс. Әрине, бұл зор жұмыс.

Бірақ, техникумда студенттердің теориялық және практикалық білім алуына керекті жағдайлар толық жасалмаған. Алдымен, техникумның оқу корпусының күрделі жөндеуден өткізілуіне тиіс екендігін айтуымыз керек. Арнаулы пәндер бойынша бөлмелердің жеткіліксіздігін айтпағанда, бар бөлмелердің өздері суық. Практикалық сабақтар қолайсыз, өте тар бөлмелерде өткізіледі. Оларда көрнекі құралдар аз. Мұның өзі студенттердің теориялық білімдерін практикада жетілдіре беруге керісінше әсер етіп жүр.

Студенттердің тұрғын-үйлері де осындай жағдайда. Қыздар тұратын жатақхананың бір бөлмесіне облыстық аптека басқармасының қызметкерлері орналасып алған. Студенттердің оны босату жөнінде айтылған заңды талаптарына техникум дирекциясы құлақ аспай отыр. Ер балалар тұратын жатақхананың бөлмелері суық, әрі лас, оларда радио топчалар жоқ. Төсек-орындары кезінде ауыстырылмайды. Комендант Ахроменко жолдас студенттердің тұрмыстық-мәдени тілектерімен санаспайды.

Техникумның тәжірибе участогі бар. Мұнда студенттер өндірістік практикадан өтуге тиіс. Не пайда, участоктегі ауылшаруашылық машиналары жақсы күтімде емес. Олар жабдықталған орынның жоқтығынан ашық далада жатады. Сондай-ақ бұл участокте қысқы агротехникалық шаралар жүзеге асырылмайды. Осындай кемшіліктердің салдарынан өткен жылы участокте егілген дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 7—8 центнерден ғана өнім жыйналды. Шынында бұл тәжірибе участогі болғандықтан онда егін шығымдылығы облыстың барлық колхоздарына үлгі болуға тиіс еді. Амаз не, істің нәтижесі бұған керісінше болып отыр. Ал, бұл жағдайды техникум басшылары «егін өнімі жауын аз болғандықтан кем болды» деп түсіндіргісі келеді.

Студенттердің 30 процентке жуығы сабақ үлгермейді. Өересе, бірінші курстегі студенттердің сабақ үлгеруі өте-өте нашар. Олардың көпшілігі орыс тілі, химия сыяқты пәндерді үлгермей жүр. Сабақты үлгері алмайтын студенттер үшін қосымша сабақтар өткізу мәселесі ескерілмей келеді. Бірқатар студенттер ешбір дәлелсіз сабаққа қатыспайды. Мәселен, оқу жылының өткен екі тоқсанында барлық курстер бойынша студенттер 7 мың сағаттық сабақтан қалған.

З. ҚАСКЕЕВ,
М. КӘМӘЛИЕВ.

Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе қаралады. Индонезия халықтарының бейбітшілік орнатуға және ұлттық бостандыққа ұмтылған талабын барлық бостандық сүйгіш халықтар ойдағыдай қолдауға тиіс. Герман проблемасын талқылаған кезде біздің бәріміз де бұл мәселені шешу

ету деген сөз. Германиямен бітім договорын әзірлей бастау туралы біз әзірше келісе алмадық. Бірақ бұл мәселе шешілуге тиіс. Совет үкметі Европада бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сәйкес герман мәселесін қанағаттанарлық түрде шешу үшін төрт держава онан әрі күш жұмсайды деп сенеді.

әрі күш жұмсауға тиіспіз және бұл міндеттерді шешуді бұрынғыдан да гөрі қажырлылықпен көздеуге тиіспіз.

Берлин кеңесі, біздің сеніп отырғанымыздай, бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін державалардың халықаралық істердегі ынтымағын дамытуға көмектесетін болады.

Совет Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Францияның және Великобританияның сыртқы істер министрлерінің Берлин кеңесі туралы МАЗМҰНДАМА

1954 жылғы 25 январьдан 18 февральға дейін Берлинде Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Америка Құрама Штаттары, Франция және Великобритания сыртқы істер министрлерінің — В. М. Молотовтың, Джон Фостер Даллестің, Жорж Бидоның және Антони Иденнің кеңесі болды. Олар мынадай мәселелер жөнінде келісімге келді:

I.
«ССРО-ның, АҚШ-тың, Францияның және Великобританияның Берлинде мәжліс өткізуші Сыртқы Істер Министрлері,

Бейбітшілік жолымен біртұтас және тәуелсіз Корея құру халықаралық шиеленісті бәсеңдетудегі және Азияның басқа аудандарында бейбітшілікті қалпына келтірудегі маңызды фактор болатынын еске алады;

Корей мәселесін бейбітшілікпен реттеуге жету үшін ССРО, АҚШ, Франция, Великобритания, Қытай Халық Республикасы, Корей Республикасы,

Корей Халық-Демократиялық Республикасы және өздерінің қарулы күштері Кореядағы соғыс қайымылдарына қатысқан және кеңеске қатысуға тілек білдіретін басқа елдер өкілдерінің кеңесі 1954 жылғы 26 апрельде Женевада шақырылсын деп ұсынады;

Индонезияда бейбітшілікті қалпына келтіру туралы мәселе де кеңесте қаралады, бұл кеңеске ССРО-ның, АҚШ-тың, Францияның, Великобританияның, Қытай Халық Республикасының және басқа мүдделі мемлекеттердің өкілдері шақырылады деп келіседі.

Соның өзінде, жоғарыда көрсетілген кеңеске шақырудың да, оны өткізудің де қандай жағдайда болса да, мұндай жағдай әлі орын алмаған кезде, дипломатиялық мойындағандық деп қаралмауға тиіс екендігі еске алынады.

II.
«Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Францияның және Великобританияның Үкметтері,

Петропавлдың «Сельхозмука» № 2-дирмені колхоздардан, мекемелерден және жеке адамдардан бірінші және екінші сортты ұн етіп үгу үшін қанша болса да астық қабылдайды, ұн тоқтаусыз беріледі.

Аудан дирмендері де ұн үгу үшін астық қабылдайды. Астық қанша болса да қабылданады және қолма-қол үгіледі.

Облыстық «ЗАГОТЗЕРНО» мекемесіне тұрақты жұмысқа инженерлер мен құрылысшы техниктер, транспорт жұмыстарын білетін жұмысшылар мен астықтың сапасын айыратын қызметшілер КЕРЕК.

Мына адреске келіп түсінік алуға болады: Петропавл қаласы, Красноармеец көшесі, 1-үй. Телефон № 2-23.

Петропавл «Главмука» завод басқармасына электр қуатымен болат балқытушы-слесарь КЕРЕК. Адрес: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үй. Кадр бөлімі.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА
«ОРЫС БАЛЕТІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ»
Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30- да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ҮЛКЕН ӨМІР»
Сеанстар сағат 8,30-10,10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопротак бөлімшесі облыс экрандарында Польшаның көркем-суретті, комедия
«ЖОНГЕ КЕЛТІРУДІ КЕРЕК ЕТЕТІН ІС»
атты фильм көрсете бастайды.

Петропавл қаласы, Киров көшесі, 123-үйде тұрушы Гани Хафизұлы Милушев Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 94-үйде тұрушы Фаузия Мұхамедғалиқызы Милушевадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы І-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Кәрім Сүтөшев көшесі, 106-үйде тұрушы Иван Григорьевич Вдовенко Петропавл қаласы, Парижская Коммуна көшесі, 15-үйде тұратын Елена Петровна Вдовенкодан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы № 3 участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Свердлов көшесі, 166-үйде тұрушы Анатолий Григорьевич Рябов Петропавл қаласы, Свердлов көшесі, 98-үйде тұрушы Любовь Иосифовна Рябовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы III-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.